

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Педагогикалық Ғылымдар Академиясы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі және Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының қолдауымен қыркүйек айында «**Жаһанданудың ұлттық мүдделерге әсері**» тақырыбында қазақ тіліндегі дебат ұйымдастыруды жоспарлауда.

Жаһандану үдерісі қоғамның дамуына екі түрлі әсер етіп отырғаны белгілі. Бір жағынан қоғамды әлем мәдениетімен, тарихымен таныстырып, әлеуметтік желі білім сандығына айналса, екінші жағынан төл мәдениетіміздің құлдырап, ұлттық құндылықтарымыздың жойылуна да әсерін тигізіп отыр. Соның ішінде, әлем тілдерін игеру тенденциясы аясында қазақ тілінің мәртебесі де алаңдатарлық.

Дебат мақсаты – азаматтық, патриотизм, мәдени тұтастық сияқты ұғымдармен тығыз байланысты тілімізді жастар арасында дәріптеу, қазақ тілінде пікіралмасу алаңында жаһандық мәселелерді анықтап, оның біздің дамуымызға тигізетін оң және теріс әсерлерін талдау арқылы мәдениетіне деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімін дебат арқылы орнықтыру.

Дебат міндеттері:

- жастарды рухани байыту және мемлекеттік тілдің қолданыс ареалын кеңейту;

- 16-29 жас аралығындағы жастарды қазақ тілін білуге, дамытуға ынталандыру;

- жастар арасында шешендік өнер мен ой ұшқырлығы арқылы мемлекеттік тілдің көркемдігін насихаттау;

- қоғам дамуының өзекті мәселелерін қамтып, ұлттық құндылықтарға төнетін қауіптің алдын алуға бейімдеу;

- жастарды ойларын еркін жеткізуге, басқа адамдардың пікірін сыйлауға дағдыландыру;

ұлт болып сақталу тіліміздің сақталуымен тікелей байланысты екенін ұмыттырмау.

Байқау шарттары:

- Құрамы 5 адамнан тұратын топ болу;

- Қазақстан Республикасының 17 облысы мен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары тегіс қатыса алады;

Байқаудың жүлде қоры:

1 орын - 300 мың теңге

2 орын - 200 мың теңге

3 орын - 100 мың теңге

Байқау қатысу үшін:

- 2022 жылдың 25 қыркүйегіне дейін толтырылған тіркелу формасын ұйымдастыру алқасының memlekettik_til_baiqau@mail.ru почтасына

Microsoft Office Word (2003, 2007) арқылы терілген файлмен жіберу қажет. Файлдың атауына қатысушы топтың жетекшісінің аты-жөні жазылуы қажет (Мысалы: Sadykova Ainur_baiqau) және <https://apnk.kz/proektyi> сайтында электронды өтініш толтырылады.

Өтетін форматы - оффлайн.

Өтетін мерзімі -28 қыркүйек 2022 жыл.

Біздің байланыс телефондарымыз:

Жоба үйлестірушісі: Уразбаева Ақжамал Машруповна, ватсап: +7 707 830 78 00

Басқарма төрағасы



А.Қ. Құсайынов

ТІРКЕЛУ ФОРМАСЫ

Топ атауы _____

Топ жетекшісі (бар болған жағдайда) _____

Топ мүшелері (толық аты-жөні, жасы, байланыс телефондары,
электронды почта)

1 _____

2 _____

3 _____

4 _____

5 _____

Мекеме немесе аймақ атауы (елі, ұйымның толық атауы)

Байланыс телефондары _____

E-mail _____